

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Заң факультеті

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән: АUr 5303 Әкімшілік жауаптылық

Мамандық: 7M04205 – «Мемлекеттік қызмет және әкімшілік қызмет»

Курс: 2

Семестр: 3

Кредит: 9

Алматы, 2023

7M04205 – «Мемлекеттік қызмет және әкімшілік қызмет» мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарының негізінде жасалынды

Қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған – з.ғ.к., доцент Мынбатырова Н.К.

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

« » тамыз 2023 ж. № Хаттама

Кафедра меңгерушісі,

з.ғ.д., профессор

Ибраева А.С.

КІРІСПЕ

«Әкімшілік юрисдикция» пәні белгілі бір құқықтық пәндерді оқу нәтижесінде алынған білімді нақтылайтын арнайы оқу курсының сипатына ие. Осы оқу пәнінің аясында «әкімшілік юрисдикция» ұғымы, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу рәсімдері егжей-тегжейлі зерттеледі.

«Әкімшілік юрисдикция» пәнін оқытудың мақсаты магистранттарға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу құжаттарын жасау дағдыларын үйрету, әкімшілік іс жүргізудің өзекті мәселелері туралы терең және жүйелі білім беру, әкімшілік құқықтың маңызды бағыттарының мазмұны туралы тұтас түсінік қалыптастыру болып табылады.

«Әкімшілік юрисдикция» пәнінің міндеттеріне мыналар жатады:

- әкімшілік-юрисдикциялық өндірістердің әкімшілік процесс жүйесіндегі әкімшілік өндірістердің басқа түрлерімен арақатынасын көрсету;
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізумен толығырақ таныстыру, сондай-ақ іс жүргізу, іс жүргізу құжаттарын жасау тәртібін зерделеу.

«Әкімшілік юрисдикция» пәні оқу жоспарының кәсіптік циклінің базалық бөлігінің мамандану пәні болып табылады және магистратураның бірінші курсына оқытылады, басқа пәндерді оқу барысында алынған білімдерге негізделеді.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық

Ауызша емтихан: дәстүрлі-сұрақтарға жауаптар

Емтихан форматы-синхронды.

Ауызша емтихан өткізіледі: офлайн (бетке-бет жүздесу)

Емтиханның өткізілуін бақылау: оқытушы және емтихандық комиссия.

Ұзақтығы:

Дайындық уақыты – 15-20 минут.

Жауап беру уақыты - 10-15 минут.

1. Магистрант емтихан басталар алдында келесілерді орындауы керек:
 - өзімен бірге алып кіретін жеке басын куәландыратын құжатты дайындап қоюы қажет;
 - байланыс телефонын өшіруі және емтиханға кіргенде комиссияға өткізуі керек;
 - емтихан тапсыруға кіргеннен кейін емтихан сұрақтарына толықтай жауап беріп болмайынша аудиториядан шығып кетуге рұқсат етілмейтіндіктен барлық қажеттіктерін (су алып кіру, дәрі ішу, т.с.с.) орындауы керек;
 - өзімен бірге маска алып келуі тиіс. Маскасыз емтихан залына кіргізілмейді.
2. Емтихан басталған кезде комиссия шақырған магистрант өзінің жеке куәлігін көрсетеді.

3. Магистранттар емтихан билетін таңдау арқылы алады. Емтихан сұрақтары (билеттер) қағаз нұсқасында даярланады. Магистранттарға емтихан сұрақтарына дайындалу үшін қажет болса таза ақ парақтар беріледі, яғни өзімен берге парақтар, қағаздар алып кіруге болмайды. Емтихан сұрақтарына дайындалуға 20 минут беріледі.

4. Емтихан сұрақтарына дайындалуда шпаргалка, қандай-да болмасын байланыс құралдарын, т.с.с. көмекші құралдарды пайдалануға, басқа тұлғамен байланыс жасауға (сөйлесуге, сұрауға) тиым салынады. Емтихан қабылдаушыға бір ғана жағдайда жүгінуге болады: емтихан сұрағы түсініксіз болса, соны нақтылау үшін, грамматикалық қателіктер орын алса.

5. Емтихан өткізілуі барысында аудиториядан шығып кетуге болмайды.

6. Емтихан сұрақтарына жауап беру үшін әрбір магистрантқа 10-15 минут уақыт беріледі. Жауап емтихан билетінде көрсетілген сұраққа қатысты болуы керек.

Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау; орындалған тапсырманы бағалау.

Әріптік бойынша баға	жүйе	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі бойынша баға	жүйе
A		4,0	95-100	Өте жақсы	
A-		3,67	90-94		
B+		3,33	85-89	Жақсы	
B		3,0	80-84		
B-		2,67	75-79		
C+		2,33	70-74	Қанағаттанарлық	
C		2,0	65-69		
C-		1,67	60-64		
D+		1,33	55-59		
D-		1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз	
FX		0,5	25-49		

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ОҚУ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Әкімшілік юрисдикцияның пәні, принциптері және жүйесі.

Әкімшілік процесс және әкімшілік іс жүргізу. Әкімшілік өндіріс жүйесіндегі әкімшілік юрисдикцияның орны. Әкімшілік юрисдикция пәні. Әкімшілік юрисдикция принциптері. Әкімшілік юрисдикция жүйесі. Әкімшілік

юрисдикцияның міндеттері мен функциялары. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу, шағымдар бойынша іс жүргізу, тәртіптік іс жүргізу. Әкімшілік юрисдикцияның юрисдикциялық қызметтің басқа түрлерімен арақатынасы.

2. Әкімшілік процесс: түсінігі, мақсаты, принциптері, ерекшеліктері.

Әкімшілік процесс: мазмұны, белгілері, мақсаты. Әкімшілік процесс жүйесі туралы ғалымдардың қазіргі заманғы түсінігі.

Әкімшілік процесс пен әкімшілік юрисдикцияның арақатынасы. Соттан тыс әкімшілік юрисдикция. Әкімшілік дау.

3. Әкімшілік-рәсімдік өндіріс. Әкімшілік-юрисдикциялық өндіріспен арақатынасы.

Әкімшілік өндірістің түсінігі, құрылымы, кезеңдері. Әкімшілік іс жүргізу мен әкімшілік процестің арақатынасы. Әкімшілік сот ісін жүргізу. Жеке әкімшілік іс: түсінігі және мазмұны.

Юрисдикциялық өндіріс. Әкімшілік-юрисдикциялық өндірістердің түрлік мазмұны: тәртіптік, атқарушылық іс жүргізу, шағымдар бойынша іс жүргізу (басқарма актілеріне шағымдар бойынша іс жүргізу және іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдар бойынша іс жүргізу, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу.

4. Тәртіптік іс жүргізу. Материалдық өндіріс. Азаматтардың шағымдары бойынша іс жүргізу.

Тәртіптік жауаптылық ұғымы. Тәртіптік құқықбұзушылық белгілері. Тәртіптік жауаптылыққа тартудың негіздері. Тәртіптік шаралар ұғымы және түрлері. Тәртіптік шараларды қолданудың жалпы ережелері. Тәртіптік жауаптылықты болдырмайтын мән-жайлар. Тәртіптік жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар. Тәртіптік теріс қылық туралы материалдар бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары.

5. Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауапкершілік.

Әкімшілік құқық бұзушылық ұғымы. Заңды тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылығы. Қасақана және абайсызда жасалған әкімшілік құқық бұзушылық. Әкімшілік жауапкершіліктің мазмұны. Әкімшілік жауаптылыққа жататын тұлғалар. Әкімшілік жазаның мәні. Негізгі және қосымша әкімшілік жазалар. Әкімшілік жазалардың түрлері: ескерту; әкімшілік айыппұл; Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралын немесе нысанасын өтемін төлеп алып қою; әкімшілік құқық бұзушылық құралын тәркілеу; жеке тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру; әкімшілік қамауға алу; шетелдік азаматты немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР-нан әкімшілік жолмен шығару; дисквалификация.

6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті судьялар, лауазымды адамдар.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген соттар (судьялар) және органдар (лауазымды адамдар). Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия. Қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелері. Атқару билігі органдарының ведомстволық бағыныстылықтағы мемлекеттік мекемелері.

7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу ұғымы және оның мәні. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезеңдері. Әкімшілік тергеу кезеңі. Істі қарау сатысы. Қаулыны қайта қарау кезеңі. Қаулыны орындау сатысы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің міндеттері. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу қағидаттары.

8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылардың мәртебесі. Іс жүргізуге қатысатын адамдар. Іске жеке қызығушылығы бар адамдар. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлға. Жәбірленуші және оның заңды өкілдері. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге ықпал ететін адамдар. Адвокат. Сарапшысы. Аудармашы. Прокурор. Куәгерлер. Куәгерлер.

9. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді процесік қамтамасыз ету шараларының ұғымы және мазмұны. Өндірісті қамтамасыз ету шараларының түрлері. Қамтамасыз ету шараларын пайдаланудың тәртібі мен мақсаттары. Мәжбүрлеу шаралары. Ішкі істер органдары қолданатын іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары. Жеткізу.

Әкімшілік ұстау: жалпы және арнайы. Әкімшілік ұстап алу туралы хаттама және оның мазмұны. Әкімшілік ұстауды жүзеге асыруға құқылы органдар (лауазымды адамдар). Әкімшілік ұстау мерзімдері.

Заттар мен құжаттарды тексеру. Жеке тексеру. Заттар мен құжаттарды алып қою. Заттар мен құжаттарды тексеріп қарауды және алып қоюды процессуалдық ресімдеу. Заттар мен құжаттарды алып қою тәртібі. Заттар мен құжаттарды тексеріп қарауды және алып қоюды жүзеге асыруға құқылы органдар (лауазымды адамдар).

Көлік құралдарын жүргізушілерді басқарудан шеттету: негіздері мен тәртібі. Көлік құралдары жүргізушілерін мас күйін медициналық куәландыру.

10. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудың негіздері мен себептері. Әкімшілік тергеуді жүзеге асыруға уәкілетті органдар мен лауазымды адамдар. Өндірісті процессуалдық қамтамасыз ету шараларын қолдану. Процестік

камтамасыз ету шараларын қолдануға уәкілетті органдар мен лауазымды адамдар. Нақты деректерді анықтау. Дәлелдемелер жинау. Әкімшілік тергеу нәтижелерін процессуалдық ресімдеу. Істі қарау үшін ведомстволық бағыныстылығы бойынша беру.

11. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша істі қарау (тындау).

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға дайындау. Іс жүргізу әрекеттері. Нақты жағдайларды бағалау. Шешім қабылдау. Қаулылардың түрлері. Алқалы орган отырысының хаттамасы. Шешімді жариялау тәртібі. Қаулыны мүдделі тұлғалардың назарына жеткізу, әкімшілік юрисдикция органдары

12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шешімдер мен қаулыларды қайта қарау.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шешімдер мен қаулыларды қайта қарау сатысы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шешімдер мен қаулыларды қайта қарау тәртібі.

13. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыны орындау.

Қаулыны орындауға жіберу тәртібі. Ескерту туралы қаулыны орындау. Айыппұл салу туралы қаулыны орындау. Тәркілеу туралы қаулыны орындау. Затты өтемін төлеп алу туралы қаулыны орындау. Арнайы құқықтан айыру туралы қаулыны орындау. Түзеу жұмыстары туралы қаулыны орындау. Әкімшілік қамаққа алу туралы қаулыны орындау. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды ҚР-нан шығару туралы қаулының орындалуы. Дисквалификация туралы қаулыны орындау

14. Құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері бойынша өндіріс ерекшеліктері.

Жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері. Жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді құқықтық реттеу. Кеден ережелері саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері. Кеден саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді құқықтық реттеу. Салық ережелерін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері. Салық ережелерін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді құқықтық реттеу. Экология саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері. Экология саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді құқықтық реттеу.

15. Әкімшілік-юрисдикциялық қызметте заңдылықты және адам құқықтарын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік бақылау және оның түрлері. Прокурорлық қадағалау және оның түрлері. Заңдылықтың сақталуына сот бақылауы. Әкімшілік юрисдикция органдарының қызметін бақылау. Лауазымды адамдардың заңсыз әрекеттеріне шағымдану тәртібі, алқалы органдардың заңсыз әрекеттеріне шағымдану тәртібі.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, 2014 жылы 5 шілдеде қабылданған.

2. Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік- процесілік кодексі. 2020 жыл 29 маусымда қабылданған.

3. Нурмашев У.У., Тоқтыбеков Т.А. Административное процессуальное право РК. Алматы: «Жеті жарғы» 2017.

4. Исабеков А.Қ., Құсайынов Д.Ө. Әкімшілік құқық. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2013.

5. Жетписбаев Б.А. Административный процесс (производство по делам об административных правонарушениях). Алматы, 2014.

6. Жетписбаев Б.А., Исабеков А.Қ., Рахметов Е.Ш. Производство по делам об административных правонарушениях в Республике Казахстана. Учебное пособие. Алматы: Nurpress, 2013.

7. Жетписбаев Б.А., Административно -правовое принуждение в РК. Учебное пособие. Алматы: Nurpress, 2013.

8. Исабеков А.Қ., Көшпенбетов Б.М. Әкімшілік жауаптылық. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2014.

9. Оспанова Д.А., Кусаинов Д.О. Административное право РК. (Учебное пособие) Алматы: «Қазақ университеті», 2017.

Интернет-ресурстар: пән бойынша қосымша оқу материалы, сондай-ақ деректер базалар жүйесі үшін құжаттама, үй тапсырмасын, жобаларды орындау үшін пайдаланылатын, univer.kaznu.kz. сайтының бетіндегі ПОӘК бөлімінде қол жетімді болады. <http://www.Adilet.zan.kz>